

## Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы. 2002 жылғы 14 қараша N 354.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Конвенция қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 № 266-В Заңымен.

Минскіде 2001 жылғы 31 мамырда жасалған Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция бекітілсін.

Қазақстан  
Президенті

Республикасының

## Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қыргыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың өзінің мақсаттары мен міндеттерін тиімді орындауы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге тілек білдіре отырып,

халықаралық құқықтың жалпы жүрт таныған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шарттың 16-бабының ережелерін, оған сәйкес Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шартта және Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде қолданылып жүрген шарттарда көзделген функцияларды орындау және мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті артықшылықтар мен иммунитеттерді Еуразиялық экономикалық қоғамдастық пен оның лауазымды тұлғаларының пайдаланатындығын ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

### 1-бап

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін төменде келтірілген терминдер мынаны білдіреді:

"Шарт" - 2000 жылғы 10 қазанда Астана қаласында қол қойылған, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шарт;

"ЕурАЗЭК" немесе "Қоғамдастық" - Еуразиялық экономикалық қоғамдастық;

"мүше мемлекет" - Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекет;

"булу мемлекеті" - аумағында Қоғамдастық органдары немесе оның өкілдігі орналасқан мемлекет;

"ЕурАЗЭК органдары" немесе "Қоғамдастық органдары" - Шарттың З-бабына сәйкес құрылған Мемлекетаралық Кеңес (Мемаралықкеңес), Интеграциялық Комитет, Парламентаралық Ассамблея, Қоғамдастық Соты;

"өкілдік" - ЕурАЗЭК Интеграциялық Комитетінің Қоғамдастыққа мүше мемлекеттегі өкілдігі;

"Бас хатшы" - Қоғамдастықтың жоғары әкімшілік лауазымды тұлғасы;

"лауазымды тұлғалар" - тізбесін Мемлекетаралық Кеңес белгілейтін, әрбір мүше мемлекет үшін бекітілетін лауазымдар квоталарына сәйкес ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің ұсынуы бойынша Қоғамдастықтың органдары бекітетін тұлғалар;

"қызметшілер" - ЕурАЗЭК органдарында олармен жасасқан келісім-шарттар негізінде мамандар ретінде жұмыс істейтін адамдар;

"Тұрақты өкіл (Тұрақөкіл)" - жіберуші мемлекет осы сипатта жұмыс істеуге міндет жүктеген адам;

"Тұрақты өкілдіктің қызметкерлері" - техникалық және қызмет көрсетуші құрамды қоспағанда, Тұрақты өкілдіктің персоналы;

"ЕурАЗЭК органдарының үй-жайлары" - ЕурАЗЭК-тың ресми мақсаттары, сондай-ақ Қоғамдастықтың Бас хатшысы мен лауазымды тұлғалары түру үшін пайдаланылатын ғимараттар немесе ғимараттардың бір бөліктері;

"Тұрақты өкілдіктің үй-жайлары" - Тұрақты өкілдіктің ресми мақсаттары, сондай-ақ ЕурАЗЭК жанындағы Тұрақты өкілдіктің Тұрақты өкілінің және қызметкерлерінің тұруы үшін пайдаланылатын ғимараттар немесе ғимараттардың бөліктері;

"мүше мемлекеттердің өкілдері" - ЕурАЗЭК органдарына мүше мемлекеттердің өкілдері, осы органдардың мәжілістеріне және Қоғамдастық шеңберінде өткізілетін іс-шараларға мүше мемлекеттер жіберетін делегациялардың басшылары және мүшелері ;

"отбасы мүшелері" - Бас хатшының, ЕурАЗЭК органдарының лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің, ЕурАЗЭК жанындағы Тұрақты өкілдіктің Тұрақты өкілінің, қызметкерлерінің ері (зайыбы), олардың асырауындағы кәмелетке толмаған балалар мен адамдар.

## 2-бап

Қоғамдастықтың Бас хатшысы, оның органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері халықаралық қызметкерлер болып табылады. Қызмет бабындағы міндеттерін орындау кезінде олар Тараптардың өкімет органдарынан немесе ресми адамдарынан, сондай-ақ Қоғамдастық үшін бөгде билік орындарынан нұсқаулар сұрауға немесе алуға тиісті емес.

Тараптардың әрқайсысы Қоғамдастық органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері функцияларының халықаралық сипатын бұлжытпай құрметтеуге және олардың қызмет бабындағы міндеттерін орындау кезінде оларға ықпал жасамауға міндеттенеді.

## I. Қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері

### 3-бап

Қоғамдастық органдарының мүлкі мен активтері Қоғамдастықтың өзі иммунитеттен бас тартатын жағдайларды қоспағанда, кез келген нысандағы әкімшілік немесе соттық араласудан иммунитетті пайдаланады.

ЕурАЗЭҚ органдарының үй-жайлары, сондай-ақ оның мұрагаттары мен құжаттары, оның ішінде қызмет бабындағы хат-хабарлары, олардың орналасқан орнына қарамастан тінтуден, реквизициялаудан, тәркіленуден немесе оның қалыпты қызметіне кедергі келтіретін араласудың кез келген нысанынан босатылады.

Болу мемлекетінің тиісті билік және басқару органдарының өкілдері Бас хатшының немесе ЕурАЗЭҚ органы басшысының келісімінсіз және олар мақұлдаған шарттарсыз Қоғамдастық органдарының үй-жайларына кіре алмайды.

Болу мемлекетінің тиісті билік және басқару органдарының шешімі бойынша Қоғамдастық органдарының үй-жайларында кез келген іс-әрекетті орындау Бас хатшының немесе ЕурАЗЭҚ-тың тиісті органы басшысының келісімімен ғана орын алуы мүмкін.

ЕурАЗЭҚ органдарының үй-жайлары Тараптардың кез келгенінің зандары бойынша қудаланатын немесе мүше мемлекетке не үшінші мемлекетке берілуге тиіс адамдар үшін баспана қызметін атқара алмайды.

Қоғамдастық органдарының үй-жайларына қол сұқпаушылық оларды ЕурАЗЭҚ функцияларына немесе міндеттеріне сыйыспайтын немесе Тараптардың қауіпсіздігіне, олардың жеке немесе занды тұлғаларының мұddeлеріне нұқсан келтіретін мақсаттарға пайдалануға құқық бермейді.

Болу мемлекеті кез келген басып кіруден немесе нұқсан келтіруден ЕурАЗЭҚ үй жайларын қорғау үшін тиісті шаралар қабылдайды.

### 4-бап

ЕурАЗЭҚ органдары қызмет көрсетудің (қызметтердің) нақты түрлері үшін төлем болып табылатындарды қоспағанда, болу мемлекетінің аумағында алынатын тікелей салықтар мен алымдардан, баждардан және басқа да төлемдерден босатылады. ЕурАЗЭҚ органдарының және оның өкілдіктерінің ресми пайдалануына арналған заттар мен өзге де мүліктер мүше мемлекеттерде кедендейтін баждар, салықтар және

осыған байланысты алымдар салудан босатылады, бұған осыған арналған белгілі орындардан тыс сақтау, кедендік ресімдеу немесе тиісті кедендік органның және халықаралық ұйымдар үшін көзделген тәртіппен қызмет көрсетудің осындай түрінің жұмыстан тыс уақыты үшін алынатын алымдар қосылмайды.

## **5-бап**

Қоғамдастық органдары мен өкілдіктері өздерінің ресми байланыс құралдарына қатысты дипломатиялық миссияларға болу мемлекеті ұсынатыннан қолайлылығы кем емес шарттарды пайдаланады.

## **6-бап**

ЕурАЗЭҚ органдары өздері орналасқан үй-жайларда және өздеріне тиесілі автокөлік құралдарында Қоғамдастықтың жалауын, әмблемасын немесе баска да рәміздерін орналастыра алады.

## **7-бап**

Мүше мемлекеттердің заңнамаларын сақтаған жағдайда, Қоғамдастық өзінің мақсаттары мен функцияларына сәйкес, жарияланымы ЕурАЗЭҚ органдарының шешімдерімен көзделген баспасөз өнімдерін бастырып шығара алады және таратады.

## **8-бап**

Болу мемлекеті Қоғамдастыққа оның функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті үй-жайлар сатып алуша немесе алуша Қоғамдастыққа жәрдем көрсетеді.

## **9-бап**

Қоғамдастық сот әділдігін тиісті түрде іске асыру және құқық қорғау органдары үйғарымдарын орындау мақсатында мүше мемлекеттердің тиісті өкімет органдарымен және басқармаларымен тұрақты ынтымақтастықты, сондай-ақ осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерге байланысты кез келген қиянат жасап пайдаланудың алдын алушы жүзеге асырады.

## **II. Бас хатшының, ЕурАЗЭҚ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің артықшылықтары мен иммунитеттері**

## **10-бап**

Бас хатшы және онымен бірге тұратын отбасы мүшелері, егер олар болу мемлекетінің азаматтары болып табылмаса, дипломатиялық агент үшін 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында көзделген көлемде артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

## **11-бап**

Қоғамдастықтың лауазымды тұлғалары және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері:

а) олардың лауазымды тұлғалар ретінде айтқан немесе жазған және жасаған барлық іс-әрекеттері үшін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды;

б) Қоғамдастық төлейтін жалақысы мен өзге де сыйақылары салық салудан босатылады;

в) мемлекеттік борыштан босатылады;

г) иммиграциялық шектеулерден және шетелдіктер ретінде тіркелуден босатылады;

д) сол үшін белгіленген орындардан тыс жерде тасымалдау, сақтау немесе тиісті кедендік органның жұмыс уақытынан тыс кезде кедендік ресімдеу және осы тәріздес қызметтер үшін алымдарды қоспағанда, алғашқы орналасуға арналған заттары мен өзге де мүлкі кедендік баждан, салықтар мен соған байланысты алымдарды төлеуден босатылады;

е) репатриация бойынша халықаралық дағдарыстар кезінде дипломатиялық өкілдіктер пайдаланатында жеңілдіктерді пайдаланады.

Болу мемлекетінің азаматы болып табылатын немесе онда тұрақты тұратын лауазымды тұлғаларға "б" тармағы қолданылмайды.

Болу мемлекетінің азаматы болып табылатын немесе онда тұрақты тұратын лауазымды тұлғаларға, сондай-ак олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне "д" тармағы қолданылмайды.

## **12-бап**

Бас хатшы, Қоғамдастық органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтерді қоспағанда, жеке пайdasы немесе басқа адамдардың пайdasы мүддесінде коммерциялық немесе кез келген басқа қызметпен айналысуға құқығы жок.

Осы Конвенцияның 10 және 11-баптарына сәйкес болу мемлекетінде салық салудан босатылатын адамдар, егер, олар осы бапта көрсетілген қызмет арқылы табып

отырған болса, онда осындай қызметтөн алынатын жиынтық табысын мәлімдейді және одан болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес салықтар төлейді.

## 13-бап

Бас хатшы, Қоғамдастықтың лауазымды тұлғалары кез келген көліктік құралдарды пайдалануға байланысты үшінші адамдарға келтірілуі мүмкін зардантан сақтандырылуға қатысты болу мемлекетінің заңдары мен ережелерінде көзделген талаптарды сақтауы тиіс.

## 14-бап

Қоғамдастық органдарының қызметкерлері өздерінің тікелей қызметтік функцияларын орындау кезінде жасаған іс-қимылдарына қатысты, мынадай айыптау жағдайларын:

а) Қоғамдастыққа немесе қызметкерге тиесілі не олардың басқаруындағы көлік құралы арқылы болған жол-көліктік оқиғаға байланысты зиянды өтеудегі қойылатын талаптарды;

ә) қызметкердің іс-қимылды арқылы болған өлімге немесе дене жарақатына байланысты қойылатын талаптарды қоспағанда, болу еліндегі сот немесе әкімшілік органдарының қарауына жатпайды.

Қоғамдастық органдарының қызметкерлері иммиграциялық шектеулерден және шетелдіктер ретінде тіркелуден босатылады.

## 15-бап

Бас хатшы, Қоғамдастық органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттер оларға бас пайдасы үшін емес, олардың Қоғамдастық мұддесі жолындағы өздерінің ресми функцияларын тиімді, тәуелсіз түрде орындауы үшін беріледі.

## 16-бап

Бас хатшы, лауазымды тұлғалар мен олардың отбасы мүшелері олар тағайындалған орынға бара жатқан уақытта болу мемлекетінің аумағына келу кезінен бастап немесе егер, олар осы аумакта жүрген болса, Бас хатшы немесе лауазымды тұлғалар өздерінің міндеттерін орындауға кіріскең кезінен бастап осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

Бас хатшының немесе лауазымды тұлғаның функциялары тоқтатылған кезде оның артықшылықтары мен иммунитеттері, сондай-ақ онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері, әдетте, осы тұлға болу мемлекетін

тастап шыққан кезде немесе оны істеу үшін ақылға қонымды мерзімнің өтуіне орай осы жағдайлардың қайсысы ерте басталатынына байланысты тоқтатылады. Отбасы мүшелеріне қатысты олардың артықшылықтары мен иммунитеттері, олар лауазымды тұлғаның отбасы мүшелері болуын доғарған кезде тоқтатылады, алайда, егер мұндай адамдар болу мемлекетін қисынды мерзім ішінде тастап шығуға ниеттеніп отыrsa, онда олардың артықшылықтары мен иммунитеттері олардың кететін кезіне дейін сақталатындығы ескеріледі.

Қоғамдастықтың Бас хатшысы немесе лауазымды тұлғасы қайтыс болған жағдайда онымен бірге тұрған отбасы мүшелері олардың болу мемлекетін тастап шығу кезіне дейін немесе осы жағдайлардың қайсысы ерте басталатындығына байланысты болу мемлекетін тастап шығатын қисынды мерзім өткенге дейін өздеріне берілген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалануды жалғастырады.

## 17-бап

Осы Конвенцияға сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланып отырған барлық адамдар, өздерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне нұқсан келтірмesten болу мемлекетінің зандары мен ережелерін құрметтеуге міндетті. Олар сондай-ақ осы мемлекеттің ішкі істеріне араласпауға міндетті.

## 18-бап

Мұше мемлекет иммунитет сот әділдігін жүзеге асыруға кедергі келтіреді және иммунитеттен бас тарту берілген иммунитетке байланысты мақсаттарға нұқсан келтірмейді деген пікірде болған жағдайда, осы мемлекет өзі жіберген лауазымды тұлғаның иммунитетінен бас тартуы мүмкін. Бас хатшы мен лауазымды тұлғаларға қатысты иммунитеттерден бас тартуды Мемлекетаралық кенес те пайдалана алады.

Иммунитеттен бас тарту анық түрде білдірілуі тиіс.

## III. Мұше мемлекеттер өкілдерінің артықшылықтары мен иммунитеттері

## 19-бап

Мұше мемлекеттердің өкілдері ресми іс-әрекеттерді атқаруы кезінде және мұше мемлекеттерде Қоғамдастық ұйымдастыратын іс-шаралардың өткізілу орындарына бара жатқан кезінде төмендегідей артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады:

а) олар өкілдер ретінде жасауы мүмкін барлық іс-қимылдарға қатысты жеке басының қамауға алынуынан немесе ұсталуынан, сондай-ақ соттық және әкімшілік биліктердің қарауынан иммунитеті болады;

- б) тұрғын үйіне қол сұғылмайды;
- в) егер ресми немесе жеке пайдалануына арналмаған заттар мен өзге де мұлік бар деп болжамдауға айта қаларлықтай негіздер жоқ болса немесе әкелуге немесе әкетуге тыйым салынған немесе мүше мемлекеттің карантиндік және өзге де ережелерімен реттелетін заттар мен басқа да мұлік болмаса, бірге алып жүрген тенденце жүгі және қол жүгі кедендік тексеруден босатылады;
- г) иммиграциялық шектеулерден және шетелдіктер ретінде тіркелуден босатылады.

## 20-бап

Мүше мемлекеттер өкілдерінің пайдаланатын артықшылықтары мен иммунитеттері оларға бас пайdasы үшін емес, Қоғамдастық мұддесі жолындағы өздерінің ресми функцияларын тиімді, тәуелсіз тұрде орындауы үшін беріледі.

Мүше мемлекеттердің өкілдері болу мемлекетінде ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтерді қоспағанда, жеке пайdasы немесе өзге адамдардың пайdasы мұддесінде коммерциялық немесе кез келген басқа қызметпен айналыспауы тиіс.

## 21-бап

Мүше мемлекеттер өкілдері тұрып жатқан тұрғын жайлары, үй жиһаздары мен басқа да мұлкі, сондай-ақ олардың қызмет бабындағы қажеттіліктері үшін пайдаланатын көлік құралдары тінтуден, реквизициялаудан, тыйым салудан және үкімдік сипаттағы іс-әрекеттерден иммунитетті пайдаланады.

## 22-бап

Кез келген уақытта, сондай-ақ ақпарат көздеріне және олардың орналасқан жеріне қарамастан мүше мемлекеттер өкілдерінің мұрағаттары мен құжаттарына қол сұғылмайды.

## 23-бап

Егер келуге тыйым салынған немесе мемлекеттік қауіпсіздік ұйғарымдары бойынша реттелетін аймақтар туралы зандар мен ережелерге қайшы келмесе, болу мемлекеті өз аумағы бойынша барлық мүше мемлекеттердің өкілдеріне функцияларын орындау үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты мөлшерде жүріп-тұру және сапарлар жасау еркіндігін қамтамасыз етеді.

## 24-бап

Иммунитет сот әділдігін жүзеге асыруға кедергі келтіреді және иммунитеттен бас тарту берілген иммунитетке байланысты мақсаттарға нұқсан келтірмейді деген пікірде болған жағдайда жіберуші мүше мемлекет өз өкілінің иммунитетінен бас тартуы мүмкін.

Бас тарту анық түрде білдірілуі тиіс.

Егер жіберуші мүше мемлекет азаматтық талапқа қатысты өз өкілінің иммунитетінен бас тартпайтын болса, ол істі әділетті тұрғыда шешуге барынша күш-жігер жұмысайды.

Мүше мемлекет өкілінің іс қозғауы оны негізгі талаппен тікелей байланысты кез келген қарсы талапты қарауға сілтеме қатысты иммунитетке жасау құқығынан айырады

#### **IV. Тұрақты өкілдердің, Тұрақты өкілдіктердің, сондай-ақ олардың қызметкерлерінің артықшылықтары мен иммунитеттері**

##### **25-бап**

Мүше мемлекеттер Қоғамдастық жаңынан Тұрақты өкілдік аша алады (бұдан әрі - Тұрақты өкілдік).

##### **26-бап**

Тұрақты өкілдік Тұрақты өкілдіктің басшысы міндетін жүзеге асыратын Тұрақты өкілден (Тұрақты өкіл) басқа қызметкерлерді, техникалық және қызмет көрсетуші құрамды қамтиды.

##### **27-бап**

Тұрақты өкілдіктің үй-жайына, соның ішінде Тұрақты өкілдің жеке резиденциясына қол сұғылмайды.

Болу мемлекетінің билік иелері бұл үй-жайларға, өртті немесе кідіріссіз қорғау шараларын талап ететін басқа да жағдайларды қоспағанда, Тұрақты өкілдің келісімінсіз кіре алмайды.

Тұрақты өкілдіктің үй-жайы, сондай-ақ Тұрақты өкілдіктің қатынас құралдары тінтуден, реквизициялаудан, тыйым салудан және үкімдік сипаттағы іс-әрекеттерден иммунитетті пайдаланады.

##### **28-бап**

Кез келген уақытта, сондай-ақ ақпараттың көздеріне және олардың орналасқан жеріне қарамастан Тұрақты өкілдіктің мұрагаттары мен құжаттарына қол сұғылмайды.

## **29-бап**

Тұрақты өкілдіктің өз үй-жайына жіберуші мемлекеттің жалауы мен эмблемасын орналастыруға құқығы бар.

Осы бапта көзделген құқықты жүзеге асыру кезінде болу мемлекетінің зандары, ережелері мен салт-дәстүрлері назарға алынады.

## **30-бап**

Болу мемлекеті жіберуші мемлекеттің Тұрақты өкілдік үшін қажетті үй-жай алуына немесе сатып алуына көмек көрсетеді.

## **31-бап**

Тұрақты өкілдік өзінің ресми байланыс құралдарына қатысты болу мемлекеті дипломатиялық миссияларға ұсынатыннан кем емес қолайлы жағдайларды пайдаланады.

## **32-бап**

Тұрақты өкілдік, коммуналдық және өзге де қызмет көрсету түрлерін қоспағанда, болу мемлекетінің аумағында алынатын барлық тікелей салықтар мен алымдардан, баждардан және басқа да төлемдерден босатылады.

## **33-бап**

1. Тұрақты өкілдің және Тұрақты өкілдік қызметкерінің жеке басына қол сұғылмайды және болу мемлекетінің қылмыстық қарауы тұрғысынан иммунитетті пайдаланады. Сондай-ақ олар болу мемлекетінің азаматтық және әкімшілік қарауынан иммунитетті пайдаланады, оған мынадай жағдайдағы талап етулер қосылмайды:

а) Тұрақты өкілдік мақсаты үшін жіберуші мемлекет атынан оған аталған адам иелік етпеген жағдайда, болу мемлекеті аумағында орналасқан жылжымайтын жеке мүлікке байланысты заттай талаптар;

б) мұрагерлікке байланысты жіберуші мемлекеттің атынан емес, жеке тұлға ретінде өсиетті орындаушы, мұрагерлік мүлікке қамқоршы, занды мұрагері немесе өсиет бойынша мұрагері немесе бас тартушылықты алған адам ретінде сипатталатын аталған адамға қатысты талаптар;

в) Тұрақты өкілдікке немесе аталған адамға тиесілі не олар жүргізетін көлік құралы арқылы болған жол-көлік оқиғасына байланысты зиянды өтеудің талаптары;

г) аталған адам тарапынан болған іс-әрекет салдарынан өлімге немесе дене жарақатына байланысты талаптар.

2. Тұрақты өкілдің және Тұрақты өкілдік қызметкерлерінің болу мемлекетінің сот жүргізу ісінен иммунитеті оларды жіберуші мемлекеттің сот жүргізу ісінен босатпайды

## 34-бап

Тұрақты өкіл, Тұрақты өкілдік қызметкерлері және олардың отбасы мүшелері, егер олар болу мемлекетінің азаматтары болып табылмаса немесе онда тұрақты тұрмайтын болса, болу мемлекетіндегі мемлекеттік борыштардан босатылады.

## 35-бап

1. Сол үшін белгіленген орындардан тыс жерде тасымалдау, сақтау немесе тиісті кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс кезде алымдарды және осы тәрізді қызмет көрсету түрлерін қоспағанда, болу мемлекеті өзі қабылдай алатын зандар мен ережелерге сәйкес, Тұрақты өкілге және Тұрақты өкілдік қызметкерлеріне өз жүктөрін әкелуге рұқсат береді және кедендік баждан, салықтардан және осыған байланысты алымдардан босатады, олар:

- а) Тұрақты өкілдіктің ресми пайдалануына арналған заттар мен өзге де мұліктері;
- б) Тұрақты өкілдің және Тұрақты өкілдік қызметкерлерінің жеке пайдалануына арналған заттары мен өзге де мұліктері.

2. Тұрақты өкіл және Тұрақты өкілдік қызметкерлерінің өзімен бірге алып жүретін тенденме жүгі мен қол жүгі, егер оларда осы баптың тармағында көрсетілген алынуға жататын заттар мен өзге де мұліктер немесе әкелінуі мен әкетілуі болу мемлекетінің заңымен тыйым салынған немесе карантиндік және басқа да ережелерімен реттелетін заттар мен мұліктер бар деп болжамдауға айтарлықтай негіз жоқ болса, кедендік тексеруден босатылады. Мұндай жағдайларда тексеру одан босатылуға жататын адамның немесе оның үәкілетті өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

3. Егер олар болу мемлекетінің азаматы болып табылса немесе онда тұрақты тұратын болса, Тұрақты өкіл мен Тұрақты өкілдік қызметкерлеріне осы баптың күші жүрмейді.

## 36-бап

Тұрақты өкіл және Тұрақты өкілдік қызметкерлері болу мемлекетінде ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтерді қоспағанда, жеке пайдаласы үшін коммерциялық немесе кез келген басқа да қызметпен айналыспауды тиіс.

Тұрақты өкілдің және Тұрақты өкілдік қызметкерлерінің жіберуші мемлекет төлейтін жалақысы мен өзге де сыйақылары, егер олар болу мемлекетінің азаматтары болып табылмаса немесе онда тұрақты тұрмайтын болса, болу мемлекетінің аумағында алынатын салықтардан, сондай-ақ алымдар мен баж салығынан босатылады, оған нақты қызмет ету түрлеріне (қызмет көрсетулерге) төленетін төлемдер қосылмайды.

## 37-бап

Жіберуші мемлекет Интеграциялық Комитет пен болу мемлекетін:

- а) Тұрақты өкілдің, Тұрақты өкілдік қызметкерлерінің тағайындалғандығы туралы, олардың қызметі мен атағы, олардың келуі мен түпкілікті кетуі туралы немесе олардың функцияларын тоқтатуы туралы, сондай-ақ Тұрақты өкілдіктегі қызметі кезінде олардың мәртебесінде көрініс табуы мүмкін басқа да өзгерістер туралы;
- б) Тұрақты өкілдің немесе Тұрақты өкілдік қызметкерлерінің отбасы мүшесі болып табылатын және солармен бірге тұратын кез келген адамның келуі мен түпкілікті кетуі және тиісті жағдайларда белгілі бір адамдардың отбасы мүшесі болғандығын немесе болуын тоқтатқандығы туралы;

в) техникалық және қызмет көрсетуші персоналдың Тұрақты өкілдіктегі жұмысының басталуы мен тоқтатылғандығы туралы;

г) осы Конвенцияның 27-бабына сәйкес қол сұғылмаушылықты пайдаланатын үй-жайдың орналасқан жері туралы жазбаша хабарлайды, сондай-ақ осындай үй-жайларды ұқсастыру үшін қажет болуы мүмкін басқа да деректерді хабарлайды.

## 38-бап

1. Конвенцияның осы тарауына сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерге құқығы бар әрбір адам, оларды өзі қызметке орналасу үшін бара жатқан болу мемлекетінің аумағына келген сэттен бастап, немесе, егер ол адам сол аумақта тұрып жатса, оның тағайындалуы туралы Қоғамдастық немесе жіберуші мемлекет болу мемлекетіне хабарлаған сэттен бастап пайдаланады.

Егер артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланушы адамның функциялары аяқталса, оның артықшылықтары мен иммунитеттері, әдетте, сол адам болу мемлекеті аумағын тастан шыққан кезде немесе оны істеу үшін ақылға қонымды мерзім өтісімен тоқтатылады. Алайда, осындай адамның өзінің Тұрақты өкілдік қызметкери функциясын орындаудың кезінде жасаған іс-әрекетіне қатысты иммунитетінің қолданысы жалғаса береді.

2. Тұрақты өкіл немесе Тұрақты өкілдіктің қызметкері қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелерінің құқығы бар артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалануы болу мемлекеті аумағын тастан шығу үшін қисынды мерзім өткенге дейін жалғаса береді.

3. Тұрақты өкіл, Тұрақты өкілдік қызметкері немесе онымен бірге тұратын отбасы мүшесі қайтыс болған жағдайда болу мемлекеті, болу мемлекетінің аумағы шегінде сатып алғынған және ол қайтыс болған кезде алып кетуге тыйым салынған бүкіл мұлікті есептемегенде, қайтыс болған адамның жылжымалы мүлкін алып кетуіне рұқсат береді . Тұрақты өкіл, Тұрақты өкілдік қызметкері немесе оның отбасы мүшесі сипатында қайтыс болған адамның осы мемлекетте болуына байланысты ғана себеппен болу мемлекетіндегі жылжымалы мүлкіне мұрагерлік етуге арналған әртүрлі салық түрлері алынбайды.

## **39-бап**

Тұрақты өкіл мен Тұрақты өкілдік қызметкерлері, әдетте, жіберуші мемлекеттің азаматтары болып табылады.

## **40-бап**

Осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерге нұқсан келтірместен Тұрақты өкіл мен Тұрақты өкілдіктің қызметкерлері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері болу мемлекетінің заңнамасын құрметтеуге міндетті.

Олар сондай-ақ осы мемлекеттің ішкі істеріне араласпауға міндетті.

## **41-бап**

Тұрақты өкіл мен Тұрақты өкілдіктің қызметкерлері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері өздері пайдаланатын немесе оларға тиесілі барлық көлік құралдарына қатысты үшінші адамдардың алдындағы жауапкершілікті сақтандыру туралы болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес міндеттемелерді орындауы тиіс.

Тұрақты өкілдіктің үй-жайы және Тұрақты өкіл, Тұрақты өкілдіктің қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері орналасқан тұрғын үй-жайлар Тұрақты өкілдің, Тұрақты өкілдік қызметкерлерінің ресми функцияларын орындауымен сыйыспайтын мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс.

## **42-бап**

Тұрақты өкілдің және Тұрақты өкілдік қызметкерлерінің отбасы мүшелері, егер олар болу мемлекетінің азаматтары болып табылмаса немесе онда тұрақты тұрмаса,

Тұрақты өкілдіктің қызметкерлері сияқты тап сондай артықшылықтарды және иммунитеттерді пайдаланады.

#### **43-бап**

Жіберуші мүше мемлекет иммунитет сот әділдігін жүзеге асыруға кедергі келтіреді және иммунитеттен бас тарту берілген иммунитетке байланысты мақсаттарға нұксан келтірмейді деген пікірде болған жағдайда Тұрақты өкілдің және Тұрақты өкілдік қызметкерлерінің иммунитетінен бас тартуы мүмкін.

Бас тарту анық түрде білдірілуі тиіс.

Егер жіберуші мүше мемлекет азаматтық талапқа қатысты Тұрақты өкілдің немесе Тұрақты өкілдіктің қызметкері иммунитетінен бас тартпайтын болса, ол істі әділетті тұрғыда шешу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

Тұрақты өкілдің немесе Тұрақты өкілдік қызметкерінің іс қозғауы оны негізгі талаппен тікелей байланысты кез келген қарсы талапты қарауға қатысты иммунитетке сілтеме жасау құқығынан айырады.

#### **44-бап**

Егер келуге тыйым салынған немесе келу мемлекеттік қауіпсіздік үйғарымдары бойынша реттелетін аймақтар туралы заңдар мен ережелерге қайши келмесе, болу мемлекеті өз аумағы бойынша барлық мүше мемлекеттер өкілдеріне функцияларын орындау үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты мөлшерде жүріп-тұру және сапарлар жасау еркіндігін қамтамасыз етеді.

#### **45-бап**

Болу мемлекеті және Қоғамдастық Тұрақты өкілдіктің өз функцияларын орындаудына жәрдем көрсетеді.

### **V. Еңбек қатынастары және әлеуметтік қамсыздандыру**

#### **46-бап**

Бас хатшының, ЕурАЗЭҚ органдары лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің еңбек қатынастарын Қоғамдастық реттейді.

ЕурАЗЭҚ органдарының техникалық және қызмет көрсетуші құрамының еңбек қатынастары болу мемлекетінің ұлттық заңнамасымен реттеледі.

#### **47-бап**

Бас хатшыны, ЕурАЗЭҚ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету олар азаматтары болып табылатын мемлекеттің заңнамасы бойынша жүзеге асырылады. Бұл орайда, ұлттық заңнамада белгіленген зейнетақылық қамтамасыз етуді ЕурАЗЭҚ органдары - Бас хатшы, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер азаматтары болып табылатын Қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің тиісті қорларына Қоғамдастық бюджетінен ақша аудару арқылы жүргізеді.

Бас хатшыға, ЕурАЗЭҚ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне зейнетақы төлеу жөніндегі шығыстарды олар азаматтары болып табылатын мемлекет көтереді.

## 48-бап

Бас хатшыға, ЕурАЗЭҚ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне әлеуметтік сақтандыру (қамсыздандыру) жөніндегі жәрдемақыны тағайындау мен төлеу - аумағында аталған адамдар жұмыс істейтін немесе олардың отбасы мүшелері жұмыс істейтін (тұратын) ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақыларды төлеу жөніндегі шығыстарды аумағында Бас хатшы, ЕурАЗЭҚ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жұмыс істейтін немесе олардың отбасы мүшелері жұмыс істейтін (тұратын) мемлекет өзара есеп айыруларсыз көтереді. Бұл орайда әлеуметтік және медициналық сақтандыру қорларына ақша аудару - болу мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қоғамдастық бюджетінен жүргізіледі.

## 49-бап

Әлеуметтік сақтандыру (қамсыздандыру) бойынша зейнетақыны немесе жәрдемақыны тағайындау кезінде Бас хатшы, ЕурАЗЭҚ органдарының лауазымды тұлғасы немесе қызметкері ретінде жұмыс істеген кезең сақтандыру немесе еңбек өтіліне есептеледі.

ЕурАЗЭҚ органдарында жұмыс істеген кезеңде аталған адамдар алған жалақы осы адамдар азаматтары болып табылатын не аумағында олар тұрақты тұратын мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес әлеуметтік сақтандыру (қамсыздандыру) бойынша зейнетақы мен жәрдемақы мөлшерін анықтау кезінде есепке алынады.

## VI. Қорытынды ережелер

## 50-бап

Осы Конвенцияны қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мұдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері арқылы шешіледі.

## 51-бап

Осы Конвенция бекітілуге жатады Бекіту грамоталары депозитарий болып табылатын Интеграциялық Комитетке сақтауға тапсырылады.

Осы Конвенция соңғы бекіту грамотасы депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

## 52-бап

Осы Конвенция Шарттың 9-бабына сәйкес ЕурАЗЭҚ мүшелігіне енетін кез келген мемлекеттің оған қосылуы үшін ашиқ. Осы Конвенцияға қосылу туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады.

Қосылатын мемлекет үшін осы Конвенция қосылу туралы құжат депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

## 53-бап

Тараптардың кез келгені депозитарийге жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Конвенциядан шыға алады.

Осы Конвенцияның күші сол Тарапқа қатысты әлгіндей хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 6 ай өтісімен тоқтатылады.

## 54-бап

Осы Конвенцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді. Өзгерістер мен толықтыруларды депозитарийге тиісті хабарлама жолдау арқылы Тараптардың кез келгені ұсынуы мүмкін.

Өзгерістер мен толықтырулар туралы хаттамалар бекітілуге жатады және соңғы бекіту грамотасы депозитарийге тапсырылғаннан кейін күшіне енеді.

Осы Конвенция 2000 жылы 10 қазанда Астана қаласында қол қойылған, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шарттың қолдану мерзімі ішінде күшінде болады.

Минск қаласында 2001 жылғы 31 мамырда орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада жасалды.

Конвенцияның түпнұсқа данасы Интеграциялық Комитетте сақталады, ол оған қол қойған әрбір мемлекетке куәландырылған көшірмені жібереді.

Беларусь Республикасы үшін  
Қазақстан Республикасы үшін

Кыргыз Республикасы үшін  
Ресей Федерациясы үшін  
Тәжікстан Республикасы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК